

8. Гордлевский В. Государство Сельджукидов Малой Азии. – М.-Л., 1941.
9. Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – М.: Наука, 1974.
10. Тизенгаузен В. СМИЗО. Извлечения из соч. арабских. – СПб., 1884. – Т.1.
11. дель Пано Карпини Дж.. История монгалов//Путешествия в восточные страны Пано Карпини и Гильома Рубрука.- Алматы: Гылым, 1993.
12. Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. – М., 1985.
13. Книга Большому чертежу. – М.-Л., 1950.
14. Неплюев И. Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. -Казань, 1897.- Т. 1-2.
15. Греков Б.Г., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.-Л., 1950.
16. История Казахстана.- А., 1997.- Т.2.

Түйін

### **Монғол шапқыншылығы қарсаңындағы қыпшақ тайпалық бірлестігінің құрамындағы түркі тайпалары**

Автор мақалада монғол шапқыншылығы мен Алтын Орда мемлекеті дәуіріндегі Батыс Қазақстан жеріндегі этносаяси мәселелерге тарихи деректер негізінде саралау береді. Зерттеу негізінде автор аталған кезеңнің нәтижесінде этникалық территорияның, тайпалардың этникалық құрамының, түркі және түркі-монғол тайпаларының мәдени құқықтық нормалардың қалыптасуы үрдісінің болғандығын, әртүрлі түркі тайпалық бірлестіктерінің біртұтас қоғамының қалыптастасқанын нақтылайды.

Summary

### **Turkic tribes in structure of kypchak associations the day before and during the Mongolian invasion**

In the article on the basis of source data the analysis of an ethno-political situation in territory of the Western Kazakhstan in the Mongolian gain and during formation of Golden Horde is given. During research the author comes to conclusion, that fastening of ethnic territories, stabilisation of ethnic structure of tribes, unification of cultural-rules of law Turkic and turk-mongolian tribes, an establishment of a generality of ethnic lines of breeding associations became the important consequences of this period.

## **ТҮРКІСТАНДАҒЫ АВТОНОМИЯ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙЛАР**

**Д.Қыдырәлиев -**

*тарих ғылымдарының кандидаты*

Патша үкіметін құлатқан Ақпан төңкерісінен кейін бүкіл Ресейде қалыптасқан демократиялық жағдайды пайдалана отырып, түркістандық ұлт зиялылары 1917 жылы 16 сәуір күні Ташкент қаласына Түркістан мұсылмандарының құрылтайын шақырды. Шамамен 220 өкіл жиналған құрылтай күн тәртібінде Ресейдің мемлекеттік құрылымы мен Түркістанның өзін-өзі басқару құқығына байланысты мәселелер талқыланды. Құрылтай жұмысына Мүнәууар қари Абдурашидханов басшылық жасады. Убайдулла Хожаев пен Серәлі Лапин төраға орынбасарлары, Мұстафа Шоқай, Зәки Валиди, Ташболатбек Нарботабеков және Садық Абдусаттаров құрылтай хатшылары болып сайланды. Құрылтайда Мұхаметжан Тынышбайұлы Түркістандағы саяси ахуал жайында баяндама жасады. Сондай-ақ Уақытша Үкіметтің мүшесі Садри Максудовтың сөздері құрылтай делегаттарының көңілінен шықты [1]. Құрылтай соңында өкілдер Ресейдің демократиялық федералдық жүйемен қалыптасуын қолдайтын қаулы алғанымен, Түркістанның өзін-өзі басқару құқығының автономиялық әлде тәуелсіздік жолмен жүзеге асыруға болатынын айқындап көрсетіп бере алмады.

Құрылтай соңында өкілдер Ресейдің демократиялық федералдық жүйемен қалыптасуын қолдайтын қаулы алғанымен, Түркістанның өзін-өзі басқару құқығының автономиялық әлде тәуелсіздік жолмен жүзеге асыруға болатынын айқындап көрсетіп бере алмады. Мұстафа Шоқай бұл күндерді кейін былай деп еске алады: «Төңкеріс бізге азаттық пен ұлттық белсенділікке жол ашқандай көрінді. Бірақ ұзақ жылдар қараңғыда қармалап қалған кісінің бірден жарыққа шыққанда көздері қамасатыны сияқты, талай

заманнан бері патшалық отарлық саясаттың қапасында тұншыққан біз төңкеріспен келген бостандықтың жарығына шыққанда, көзіміз қамасып, бірден тура жол тауып кете алмадық. Санамыздың қараңғылығы да көзімізді одан сайын қарықтырып, көп сандалдық. Дәрменсіздігіміз бір тобымызды орыс төңкерісшіл демократиясына еруге мәжбүр етті... Екінші тобымыз – көпшілігіміз, саяси табысқа дұғамен жетеміз дегенге сенетін... Әрине, мұның екеуі де қате еді» [2].

Құрылтайдан кейін, дәлірек айтқанда 24 сәуір күні Түркістан мұсылмандарының өлкелік орталық кеңесі немесе қысқаша атымен айтқанда Түркістан Ұлттық Орталығы құрылды. Орталық Кеңеске әр облыстан өкілдер енді. Облыстық ұлттық кеңестердің төрағалары осы Орталық Кеңестің мүшесі болып табылды. Сонымен қатар, тұрақты түрде Ташкентте қызмет атқаратын бір Орталық Атқару Комитеті сайланды. Төраға болып Мұстафа Шоқай сайланған бұл комитеттің қалған мүшелері төмендегі кісілерден тұратын еді: Серәлі Лапин, Убайдулла Хожаев, Шахислам Шаһиахметов, Ташболатбек Нарботабеков, Серікбай Ақаев. Орыс тілін жетік білетін Зәки Уәлиди комитетке хатшы болып тағайындалды [3]. Ташкентте шығатын «Ұлығ Түркістан» газетінің бас редакторы Кебир Бәкір мен «Түрік Елі» газетінің бас редакторы әзірбайжандық Ефендизаде, адвокат Әбдірахман Оразаев, агроном Хидает бек Юргулиев те осы комитеттің құрамына кірді. Ұлттық Орталықтың әр облыста бөлімшесі ашылып, ұйымдаса бастады. Дәлірек айтқанда Ферғана облысында Насырхан Төре, Самарқанд облысында Махмуд Хожа Бехбуди, Закаспий облысында Ораз Сардар, Сырдария облысында Шахислам Шаһиахметов және Жетісу облысында Мұхаметжан Тынышбайұлы басшылығында ұйымдасып жұмыс істей бастады.

Түркістандағы саяси ахуалдың шиеленісіп, ұлттар мен саяси ұйымдар арасында қақтығыс туып кетпесі үшін Мұстафа Шоқай Ташкенттегі барлық ұйымдармен байланысын үзіп алмауға тырысып бақты. Солдат және жұмысшы депутаттары кеңесінің пиғылын білетін ол енді орыс шаруалары мен өзге де ұйым өкілдерімен байланыстарын нығайта берді. Мәселен, 1917 жылы тамыздың 30-күні Ташкент қаласында орыс шаруалар кеңесі мен қазақтар кеңесінің бірлескен мәжілісінде «Қазақ және орыс шаруалары өкілдерінің Түркістан өлкелік атқару комитеті» құрылған еді. Барлығы 12 кісіден құралған бұл комитетке қазақтардың атынан Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Әлмұхамбет Көтібаров және тағы үш кісі енеді. Өзі Самарқанда жүргеніне қарамастан қос төрағаның бірі болып сайланған Мұстафа Шоқай, Ташкентке келгеннен кейін серіктерімен кеңесіп, бұған өз келісімін береді. Жаңадан құрылған комитетте Мұстафаның да басшылық жасауымен жер және жер төңірегіндегі Түркістанның тұрғылықты халқы мен келімсектер арасындағы қарым-қатынас мәселесі талқыланды. Комитеттің мұсылман мүшелері келімсектерден жергілікті халыққа қарсы қарулы шабуылдарын тоқтатуды талап етеді. Сонымен қатар, комитет отырыстарында Ресейден жаңа қоныстанушардың келуіне тосқауыл қоюдың шараларын ойластырды [4]. Алайда қазақтар тарапынан жасалып жатқан ұсыныстар комитеттің өзге мүшелері тарапынан қолдау таба бермегеннен кейін, Мұстафаның төрағалықтан бас тартуымен бірге, артынша комитет тарап кетті.

Негізінен, бұл кезде тәуелсіздік үшін күрес жолында Түркістан мұсылмандары арасында бір-біріне кереғар екі топ құрылған еді: біріншісі консервативті бағыттағы «Улема жамиғаты» (Ғұламалар қоғамы), оны Ақмешіттік адвокат С.Лапин басқарды. Тағдырға қараңыз, прогресшіл бағыттағы «Шура-и ислам» (Мұсылман Кеңесі) ұйымының басында да Ақмешіттен шыққан заңгер М.Шоқай тұрды. М.Шоқай Петерборда оқып жүрген кезінде оның толысып, жетілуінде С. Лапиннің де ықпалы болған еді. Есігі ашық болған оның үйіне студент М.Шоқай жиі баратын. Дегенмен, Түркістанның тәуелсіздігі жолындағы саяси күресте олардың жолы айырылып, күн өткен сайын бір-бірінен алшақтай берді...

«Шура-и ислам» ұйымы 1917 жылы 12 наурыз күні құрылған еді. Алғашқы құрушылар арасында Түркістандағы жәдитшілдік қозғалысының көрнекті өкілдері Мүнәууар қари Абдурашидханов, Махмуд хожа Бехбуди, Абдурауф Фитрат, Абдулахид Қари, Абдулла Авлани, Ташболатбек Нарботабеков, Убайдулла Хожаев сынды қайраткерлер болды. Ұйымның құрылу мақсаттары арасында Түркістан мұсылмандарын саяси, ғылыми және қоғамдық тұрғыдан жаңа заманға сай жетілдіру, реформалар жасау, бүкіл Түркістанның тұтастығын сақтау және ол үшін барлық ұйымдарды біріктіре отырып, үлкен саяси күшке айналу, халықты саяси билікті анықтауға кеңірек қатыстыру, болашақ тәуелсіз мемлекеттің бағыт-бағдарын айқындау сияқты міндеттер тұрды. Ташкентке келер-келмес Мұстафа Шоқай осы ұйымға мүше-лікке өтіп, артынша оның төрағасы болып сайланды. 1917 жылы 22 шілде күні «Шура-и ислам» ұйымы мен Түркістан ұлттық орталық кеңесінің мәжілісі болып, жасырын дауыс беру нәтижесінде «Шура-и ислам» ұйымы орталық кеңесі президиумының төрағасы болып бірауыздан Мұстафа Шоқай сайланды. Мұстафаның орынбасарлары болып Мүнәууар қари Абдурашидханов пен Ташболатбек Нарботабеков бекітілді [5].

«Шура-и ислам» ұйымының жұмыс істей бастағанына көп уақыт өте қойған жоқ, Ташкентте Серәлі Лапин басшылығында «Улема жамиғаты» қоғамы құрылып, «Шура-и исламға» қарсы жұмыс жүргізе бастады. Негізінен құрамына Түркістан өлкесіндегі дін адамдарын, молдалар мен ишандарды, казилар мен қариларды топтастырған бұл ұйым тез арада үлкейіп, ірі саяси күшке айналды. Өйткені Ташкент, Ферғана, Самарқан, Бұхара және тағы басқа қалалар мен елді мекендерде сөзі өтімді діни адамдар осы ұйымның бағдарламасын құп көріп, жастар мен жаңашылдар топтасқан «Шура-и ислам» ұйымы туралы теріс насихат жұмыстарын бастады.

М.Шоқайдың «Шура-и ислам» мен «Улема жамиғаты» қоғамын татуластару үшін жасаған әрекеттерінен нәтиже шықпады. Екі ірі ұйым арасындағы пікір қайшылығы әсіресе Ташкент қалалық мәжіліс сайлауы кезінде арта түсті. 1917 жылы шілде айында Ташкентте қалалық мәслихат сайлауы өтті. Тамыздың басында нәтижелері белгілі болған бұл сайлауда жергілікті халыққа қысым жасап, қарсыластарын қыспаққа алған қадымшылар, қалалық мәслихатта басымдылыққа ие болды. Алайда, «Улема жамиғаты» тарапынан қала басшылығына ұсынылған адам – орыс монархисі еді. Қала басшылығын мұсылман жастардың біріне қимаған «Улема жамиғаты», 1916 жылғы көтеріліс кезінде мұсылмандарды қанға бояған қандықол жендеттің біріне Ташкент қаласының кілтін ұсынды.

Сайлау кезінде М.Шоқай Ташкентте емес еді. Шілде айының соңына таман, әлі сайлау қорытындысы жарияланбай тұрып Петербор мен Мәскеу қалаларын бетке алып, жолға шығып кеткен Мұстафа мұнда өлкелік атқару комитеттерінің жиналыстарына қатысты. Петерборда Уақытша үкіметтің басшыларымен, соның ішінде үкімет басшысы Керенскиймен кездесіп, түрлі келісімдерге қол жеткізді. Ескі танысына кіріп, біраз пікірлескен Мұстафа Уақытша үкіметтің басшысына Түркістан туралы біраз мәлімет берді. Ол достық қарым-қатынасын пайдалана отырып, Керенскийді Түркістанның өкілетті ұйымдарымен келіспей, Түркістанға қатысты ешқандай реформа жасамауға көндірді. Әңгіме барысында Түркістан өлкесінің маңыздылығын мойындай отырып, Петерборда Түркістан істері жөнінде арнайы комиссарлық құрудың қажеттігіне тоқтаған Керенский, Мұстафаға салмақ сала қарады. Ол Мұстафаның астанада қалуын қалап отырған еді. Алайда өзінің елде әлдеқайда пайдалырақ боларын пайымдаған Мұстафа, ескі досына сыпайы ғана рахметін айтып, Түркістанға қайтып кетті.

Дегенмен, әртүрлі түсініспеушіліктер мен жағымсыз істерге қарамастан Түркістанда «автономия» құру туралы пікір күн өткен сайын ұлғая түсті. Автономия алу туралы идеяның таралуына түркістандық зиялылармен бірге әзірбайжандық және Еділ-Орал бойынан келген татар-башқұрт зиялылары үлкен әсер етті. Мәселен, Түркістан автономиясы жолында ұлты татар Кебир Бәкірдің басшылығымен шығатын «Ұлығ Түркістан» басылымы өте маңызды рөл атқарды. «Жасасын ұлттар автономиясы!» деген ұранмен жарияланған бұл басылым бір санында: «Халқының 98 %-і мұсылман болып табылатын Түркістан елінде жұртты басқару ісінің сырттан келген әскер мен жұмысшылардың қолына өтуіне түркістандықтар өз ризашылықтарын бермейді» [6], – деп жазды. Сонымен қатар аталмыш басылымда Нушириван Явушев деген автор мақаласында: «Ресейде миллиондаған түрік, татар халықтары өмір сүруде. Олар жыныс мен ұлты, тілі мен көзқарасы тұрғысынан бір атаның балалары және бір ағаштың бұтақтары сияқты. Ал Түркістан – түріктердің атажұрты. Сол себепті Түркістанға автономия берілсе Ресейдегі барлық түрік халықтары Түркістанға көмек беру үшін жұмылар еді. Бұл орайда ешбір түрік баласы Түркістанның өз отаны екендігін ұмытпас деп ойлаймын. Жаңа уақытша үкімет Ресейде өмір сүретін барлық ұлттарды автономиядан дәмелендіріп қойды. Тәуелсіздік алғаннан кейін оны басқару мәселесі де бар. Сондықтан материалдық және рухани бірлікке, білім мен өнерге, қару мен қаражатқа қажеттілік бар. Ал бұлар бізде жоқ деп дүрлігетіндер де бар. Бірақ бүгіннен бастап жұмыс істесек, бұлардың барлығы да болады! Бұдан кейін біздің саяси, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан күшейіп, өсуіміз үшін үлкен мүмкіндіктер туады. Ретін келтіріп, өз-өзімізді басқаруды да үйренерміз. Өйткені, өз өміріміз бен бостандығымызды қорғау үшін еуропалық мәдениетті, Еуропа білімі мен өнерін меңгеруіміз қажет. Өткенде еске түсіріп, тәуелсіздікті де аңсаған адамдар бүгіннен кеш қалмай Түркістанның автономия алуын ойлаулары керек! Түркістан халқы қаншалықты сауатсыз және білімсіз болса да, бұрынғылар сияқты қаржысыз, пұлсыз және надан емес» [6. 50-б.] – деп, Қашқар мемлекетін құрған Якуб бектен үлгі алуға шақырды. Сондай-ақ Түркістан жәдидшілерінің жетекшілерінің бірі Махмуд Қожа Бехбуди де аталмыш басылымның маусым айындағы санында: «Мынаны жақсылап есте сақтау керек: Құқық алынады, берілмейді! Әр ұлт және мемлекет өзінің діни және саяси құқына әрекет ету арқылы хәм өзара келісім нәтижесінде қол жеткізеді. Дүние – күрес алаңы болғанымен, біз мұсылмандар, әсіресе түркістандық мұсылмандар, ешкімнің біздің дініміз бен ұлтымызға қауіп төндіргенін және біздің де ешқашан басқаларға қауіп төндіруін қаламаймыз. Шынын айтқанда дініміз де бұған тыйым салады. Бұған Түркістан яхудилерінің 1300 жылдық жағдайы

мысалға келтіруге болады! Барлық Ресей мұсылмандары автономия (федерация) тәсілі бойынша басқарылсын! Міне осыны іске асыру үшін біздер, Ресей мұсылмандары, әсіресе Түркістан мұсылмандары алдымен ескішіл және жаңашыл болып бөлінбей, айтысып-тартыспай, ортақ бір мәмілеге келу керек. Біз, Түркістан мұсылмандары, араларында орыс, яхуди немесе басқалары да бар, Ресейдің бір бөлігі деп есептелетін Түркістанның өз мәжілісі мен парламентінің болғанын қалаймыз! Алдымызда атқарылатын көп жұмыс бар. Басқа халықтар үлкен табыстарға қол жеткізуде. Қайталап айтамын, жасымыз бар, кәріміз бар – бәріміз бірігіп әрекет етейік. Олай болмаса бізге азаттық та, автономия да берілмейді» [6. 51-б.], – деп жазды. Мұстафа Шоқай мұсылман қауымының саяси санын оятуда айрықша рөл атқарды. Ол сол кезеңдегі Түркістанның тұтастығын сақтаудың ең тиімді жолы Ресей құрамында автономия құру деп тапты.

Түркістанда автономия алуды жақтаушылардың автономия жөніндегі түсініктері мынадай еді: Түркістанның өзіне тән заңы, атқарушы ұйымдары және жалпы жұмыстарды жүргізетін өз үкіметі болу керек. Түркістандағы білім беру мен жергілікті жерді басқару, сот әкімшілігі мен жер мәселелерінің барлығын жергілікті автономия үкіметі тәуелсіз түрде шеше білуі тиіс. Ал сыртқы саясат, қаржы және әскери істер Ресей Федерациясы үкіметінің құзырына кіруі мүмкін.

1917 жылы сәуірде Мұстафа Шоқай аса беделді, түрікшілдер мен исламшылардың мүдделерін көздейтін «Үлкен Түркістан» газетінің шығарушылар алқасының құрамына енгізілді. 1917 жылдың 30-сәуірінде «Үлкен Түркістан» газетінің редакторы тұтас Түркістан идеясына қолдау көрсетіп, түрікшілдік пен ислам жасасын» деген ұран көтерді. 1917 жылғы маусымда Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулат, Сұлтанбек Қожан, Әлібек Күміс, тағы басқа түрікшіл қайраткерлер Ташкентте «Бірлік туы» газетін шығарды. Газеттің бас редакторы Мұстафа Шоқай болды [2. 250-б.].

Автономия жолындағы нақты әрекеттердің көрінісі ретінде Түркістан мұсылмандарының II және III құрылтайларын ерекше атап өтуге болады. Ташкент қаласында 1917 жылы 8-11 қыркүйек күндері арасында «Шура-и ислам» ұйымы тарапынан ұйымдастырылған Түркістан мұсылмандарының II құрылтайына 100 астам делегат қатысты. Соның алдында ғана Уақытша үкіметтің ресми шақыруы бойынша Петербургте болып, онда үкімет басшысы Керенскиймен және оның Ішкі істер министрімен кездесіп қайтқан Мұстафа Шоқай құрылтай делегаттарына елдегі саяси ахуал туралы баяндап берді [6. 51-52-б.].

Түркістан мұсылмандарының III құрылтайы 1917 жылы 17-20 қыркүйек күндері арасында болып өтті. Негізінен «Улема жамиғаты» қоғамының бастамасымен шақырылған бұл құрылтайға халыққа танымал молдалар мен көпшілікке сыйлы мұғалімдер, түрлі мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін танымал тұлғалардан тұратын 500-ден астам өкіл жиналды [7].

Түркістан уәлаятының барлық облыстарынан дерлік делегаттар қатысқан құрылтай жұмысында Орал, Торғай облыстарының да бірнеше өкілі болды. Делегаттар арасында молдалар мен медресе оқытушылары, демократиялық өзгерісті жақтайтын мемлекеттік қызметкерлер мен зиялылар, сонымен қатар әр түрлі мамандық иелері мен студенттер бар еді. Құран оқылып, беташары батамен басталған құрылтай жұмысында маңызды шешімдер қабылданды. Бұл шешімдердің ішіндегі ең маңыздысы – ұлттық автономия мәселесі бойынша қабылданған шешім еді. Құрылтай жұмысы Түркістан мұсылмандарының «федеративті демократиялық Ресейдің құрамында автономия жариялау» туралы шешім қабылдады [8].

Бұл молдалар мен медресе оқытушыларының, ишандар мен имамдардың автономияны жақтайтынын анық көрсетті. Әсіресе Мұхаммед Қожа ишан мен Сыддық Қожа ишанның сөйлеген сөздері делегаттарға әсер еткені сондай, құрылтай соңында дереу Түркістан автономиясын жариялау туралы ұсыныс түсті. Дегенмен, бұл әсіре сезімнен пайда болған үстірттеу шешім еді. Сондықтан бұл ұсыныс қолдау таппай қалды. Құрылтайдың соңғы күні Бүкілтүркістан мен Қазақстан мұсылмандарын біріктеретін партия құрылып, оған «Иттифақ әл-муслимин» деген ат беру туралы мәселе көтерілді.

Осылайша, Түркістанда ұйымдастырылған құрылтайлар нәтижесінде елде мұхтарият, яғни автономия жариялау туралы талаптар күннен-күнге күшея түсті.

Бұқара халық пен зиялылардың ортақ талаптары Қоқан шаһарында Түркістан мұхтариятын жариялауға ұласқаны белгілі.

*1. Тоған, Zeki Velidi, Hatıralar, Ankara 1999; Заки Валиди Тоған. Воспоминания: Книга 1. – Уфа: «Kuman», 1994. – 400 с. (С. 173).*

2. *Mustafa Çokayoğlu, 1917 Hatıra Parçaları, Paris-Berlin, 1937; Шоқай М. 1917 жыл естеліктерінен үзінділер // Шоқай М. Таңдамалы. Т. 2. – Алматы: Қайнар, 1999. – 520 б. (293-б).*
3. *Азамхужаев С. Түркістон мұхтарияти.- Ташкент, 2000; Агзамходжаев С. История Туркестанской автономии: (Туркестон Мухторияти). – Ташкент: Изд.-полигр. объединение «Тошкент ислом университети», 2006. – 268 с. (С. 79).*
4. *Hıdıraliyev, Darhan, Mustafa Çokay Hayatı, Faaliyetleri ve Fikirleri, Ankara, 2001.*
5. *Oktay, Abdülvahap, “Türkistan Milli Muhtar Hükümeti”, Dergi, 1960, s.35-47.*
6. *Қыдырәлиев Д. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 б. (50-б.)*
7. *Ұлғз Түркістан, - 1917. – 30-қыркүйек.*
8. *Валидий З. Уюлмаган миллат инкирозга махкум // Турон тарихи. - 1992. - № 1. – 21- б.*

#### Резюме

В статье анализируются проблемы национальной автономии, поднятые туркестанской национальной интеллигенцией, и общественно-политическая ситуация Туркестанского края после Февральской революции. Наряду с этим, рассматривается история национальных учредительных съездов, где обсуждались вопросы автономии и усиление идеи объявления Туркестанской (Коканской) автономии в ходе деятельности национальных организации «Шуро-и-Исламия» и «Шуро-и Улема».

#### Summary

In this article the socio-political situation in Turkestan region after the 1917 February Revolution and the demand for national autonomy raised by Turkestan’s intellectuals are examined. Also, the historical background of different national congresses and the issue of strengthening the idea of declaring Turkestan (Kokand) national autonomy during the proceedings of “Shura-i Islam” and “Shura- i Ulema” national organizations are considered.